



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 47/483

25 ноября 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

1-желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні

### ҰЛЫ КӨШТІҢ ҮЙТҚЫСЫ

2011-жылғы 1-желтоқсанда ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды. Аталған заң 1-желтоқсанда аталып өтілетін – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күнін белгілеу мақсатында әзірленген. «ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бірлігін, конституциясын, адам мен адамзаттың құқықтарын және бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы болып табылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жетістіктері Қазақстан халқының орасан зор шынайы құрметі мен сеніміне ие болды. Осыған орай аталған Заңның қабылдануы арқылы Қазақстан Республикасы

тармен сұқбаттасуға бөліп, арнайы тапсырмалар берілді. Біз фототілші Жүсіп Ерғали екеуімізге Аустрия және Швеция елдерінен келетін қандастарға қызмет көрсету тапсырылған. Бұл елдерден 12 адам екен. Соның ішінде швейцарлық Манғаз Метін деген жетпістен асқан, қазақшаны сәл бұзып сөйлейтін, өте сыпайы және көп білетін кісімен жолығып, сөйлесудің сәті түсті.

–Біз бұл елге Ауғанстан арқылы келдік. Ата-анам сонда қалды. Әуелі Алманияда біраз жыл жұмыс істедік. Кейін кәсібімді Шведиядан да аштым. Біз тері өнімдерінен түрлі киім-кешек пен аяқ киім, бұйымдар тігумен, жасаумен айналысамыз. Таза теріден тігілген тондарымыз бен аяқ киімдеріміз Еуропада жо-ғары сұранысқа ие. Күнкөрісіміз де, тіршілігіміз де жақсы. Бізге ең басты жетіспейтіні – тарихи Отаны-



Тұңғыш Президентінің Республикаға сіңірген зор ғаламат еңбегі танылады. Заңды қабылдау мемлекетіміздің азаматтарының отаншылдық рухын арттыра түседі», - деп атап көрсетілген қабылданған Заңда.

Міне, содан бергі кезеңде бұл күн мемлекеттік мереке ретінде кең көлемде аталып өтіп келеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті қазақ еліндегі жас мемлекеттің іргетасын өз қолымен қалап, алға жылжытудағы, елімізді әлмедік деңгейге көтеріп, төрткүл дүниеге танытуы және жаңа қоғамды орнатудағы орасан зор еңбегі өз алдына бір төбе. Мен бұл мақалама Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Елбасының ерлікке тән аса ірі істерінің бір көрінісін ғана арқау етуді жөн көрдім.

1992- жылы Қазақтардың бірінші Дүниежүзілік Құрылтайы Алматы шаһарында өткізілді. Құрылтайға алыс және жақын шет мемлекеттерден, соның ішінде Түркия, Алмания, Франция, Норвегия, Моңғолия, Өзбекстан, Қытай, Аустрия және басқа да 33 елдерден 800-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай күн тәртібіндегі Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау мәселелерді талқылады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс бірауыздан қабылданды. Қазақстан жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланды. Бұл – қазақ елінің тарихындағы үлкен оқиға ретінде мәңгі қалары сөзсіз.

Сол жылы мен «АЗИЯ» халықаралық газетінде тілші қызметін атқарып жүрдім. Тілшілерді әр мемлекеттерден келген делегат-

мыздан қол үзіп қалуымыз. Мен Ауғанстанға ауып келгенде небәрі 3-4 жаста болыппын. Ата-анам есейе бастағаннан-ақ туған жерім туралы құлағымға құйып өсірді. Өзімнің Манғыстау өңірінің адайы екенімді жақсы білемін. Тілімізді, салт-дәстүрімізді ұмыттырмады. Елге оралуға арада Ұлы Отан соғысы болды, сәбет өкіметі бізді халық жауы деп санады. Олардың ұрпақтарына да елінен орын болмады. Тексеру қатты болғандықтан барып-келудің өзі қиямет-қайым болды ғой. Біз енді елге оралудан күдер үзе бастағанбыз. Аяқ астынан Аллатағала бізге осы бақытты, Қазақ елінің тәуелсіздігін сыйлады. Есімді білмей кеткен мен, есейіп, қартай бастағанда ата жұртыма табан тіреп отырмын, – деп жанарына жас үйірлі қарияның. – Ол Қазақстан Президентінің игі бастамасының ақыры жақсы боларына, ұрпақтарының тарихи Отанына оралатынына сенетінін білдірді.

Құрылтай Қазақстан Халық шаруашылығы көрмесінің аумағында ұйымдастырылды. Ол жерге барлық облыстардан киіз үйлер тігіліп, қонақтар ежелгі қазақ дәстүрімен күтілді. Ең мықты киіз үй үшін Президенттің арнайы байқауы жарияланған болатын. Н.Ә.Назарбаев өз тобымен бірге барлық қонақтар қабылдап жатқан үйлерге кіріп, олармен емен-жарқын әңгімелесті және арнайы комиссия үйлерді бақылап, бағамдап, бағалап жүрді. Ақтау қаласынан киіз үй тіккен тұтыну ғоғамы төрағасының үйінде біздің өкілдеріміз тұрақтаған еді. Осы жерде сол кісілермен бірге болған біз де Президенттің қолынан алу бақытына ие болдық. Бұл сәт менің есімнен ешқашан шыққан емес. Ең қызығы – байқау қортындысы бойынша біздің қонақтар күтілген киіз үй бірінші орынды жеңіп алды. Барлық бұйымы қолдан жасалынған ақшаңқан

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН !

#### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары!

Сіздерді дәстүрлі мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Айтулы күннің барша халқымыз үшін маңызы мен мазмұны ерекше екендігі сөзсіз. Бұл - ғасырлар тоғысында ата-бабалар аңсаған аңсарлы әлем Азаттықтың алауын жағып, Тәуелсіздіктің тұсауын кескен, қазақ жұртын әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танытқан Елбасының таққа отырған күні. Сондықтан да бұл мейрамның сыры да, сипаты да бөлек.

Бүгінгі таңда Қазақстан өңірлік ықпалдастықтың белсенді үрдістеріне бастама бере алатын, соның ішінде уақыттың ғаламдық талаптарына сәйкес жауап іздеуге әлемдік қауымдастықты біріктіре алатын ел болып отыр. Осыған байланысты төзімділікке, әлеуметтік әділеттілікке және сенімге негізделген қоғамдық-саяси дамудың қазақстандық үлгісі көптеген тұрақсыз елдердің еліктеуіне үлгі болуда.

#### Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан тарихында еркіндік пен мемлекет қуаттылығының басты нышаны болып табылатын осынау айтулы мерекемен құттықтай отырып, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық және өмірдегі бар ізгілікті тілейміз!

#### Ізгі тілекпен:

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

### С ДНЁМ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН !

#### Уважаемые коллеги, жители города!

От всей душой поздравляем Вас с знаменательным праздником – Днем Первого Президента независимого Казахстана!

Безусловно, эта дата символизирует жизнеспособность и уникальность которой испытана временем и подчеркнута всеми странами глобального партнерства.

Многогранная деятельность Главы государства, его неустанный труд во имя процветания страны достойны самой высокой оценки. Под руководством Первого Президента Казахстан обрел мировую известность и авторитет, как миролюбивая страна, отказавшаяся от ядерного оружия и сформировавшая уникальную модель межэтнической и межконфессиональной толерантности, главным богатством и достоянием которой являются общественное согласие и единство народа.

#### Дорогие, земляки!

От чистого сердца поздравляем Вас с Днём Первого Президента Республики Казахстан. Желаем Вам семейного благополучия, крепкого здоровья и счастья. Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее - светлым!

#### С Уважением:

Аким города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

киіз үйдің иесі Құрылтайдан соң оны Президентке сыйға тартқанынан да хабардармыз. Бұл жайында мен газетке «Қазақтың қасиетті киіз үйі» атты мақала жарияладым.

Кешкілік Республика сарайында барлық қонақтардың және зиялы қауымның басын қосқан үлкен жиын мен мерекелік концерт болды. Мұнда мен Өзбекстанның Тамды ауданының делегаттарын бастап келген ел ағасы, Өзбекстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ел қамын жеген азамат Ақберді Исаев және Ақаңмен бірге жүрген халық жазушысы Мұхтар Мағауинмен кездесіп, сұқбат алдым. Ақаң Н.Ә.Назарбаевқа Өзбекстанның ішкерісінде қалып кеткен Қазақстанның жерлері, яғни, сол кездегі біз тұрып жатқан аумақтар жайында мәлімдеп, соны шешудің жолдары туралы өтініш білдіретінін айтты. Арадан көп өтпей-ақ Қазақстан Президентінің шетелдерге ауып кеткен қазақтарды тарихи Отанына шақырған Үндеуі «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды. Сол кездегі жас мемлекет үшін мұндай батыл қадамға бару, бауырларды елге қайтуға үндеу, олардың басын қайта қосу аса батыл шешім болатын. Бұндай тарихи қадамға әлем бойынша үш мемлекет – Германия, Израиль және Қазақстан ғана бара алды. Соның ішінде енді ғана керегесін жайып, шаңырағын көтерген Қазақстанның, яғни, оның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шешімі бүкіл елді

елең еткізіп, ауыздарын аштырды. Бұған күдікпен қарағандар да болды. Уақыт пен тарих көрсеткендей, бәрі Елбасы жоспарлағандай болып шықты. Бүгінде елге оралғандардың саны миллионнан асып кеткенінен баріміз де толық хабардармыз.

Осынау қысқа ғана естелік арқылы Елбасының жасаған ерлікке пара-пар ісін оқырманға ұсынғым келген. Бұл тарихи оқиғалардың арасында өзіміз де жүрдік. Президенттің Үндеуін газет арқылы насихаттап, өз елімдегі ағайынға жеткеруге асықтым. Газеттің әр саны шыққан сайын Тамдыға поезбен аттандырып отырдым. Онда газетті аудандық газеттің тілшісі Әбдісәлі Даулетбаев пен ұлтжанды азаматтар ел-жұртқа тарататын. Соның арасында осы күнгі жерлесіміз, ұстаз Орынбек Әйтпенбетов те жүрді. Осылайша шашырап кеткен елді Ұлы Отанға шақыруға өздігімізше үлес қосуға тырыстық. Еңбегіміз текке кетпеді. Бүгінгі өзіміз тұрып жатқан Приозерск қаласынан бастап, Қазақстанның түкпір-түкпіріне көшіп келіп жатқан жұрттың қозғалуына ықпал еткенімді бүгінде мақтанышпен еске алуға хақым бар шығар?! Қазақ елін және қала тұрғындарын ҚР Тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**«ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДАҒЫ ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ»**

**Приозерск қаласы әкімінің  
2016 жылғы 22 қарашадағы № 2 шешімі.**  
Қарағанды облысы Әділет департаментінде  
2016 жылдың 23 қарашасында № 4026 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» қаулысына сәйкес, Приозерск қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Приозерск қаласында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Сәденов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

**«ОБ ОБЪЯВЛЕНИИ ЧРЕЗВЫЧАЙНОЙ СИТУАЦИИ ПРИРОДНОГО ХАРАКТЕРА МЕСТНОГО МАСШТАБА».**

**Решение акима города Приозерск  
от 22 ноября 2016 года № 2.**  
Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области  
23 ноября 2016 года за № 4026.

В соответствии с подпунктом 13) пункта 1 статьи 33 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 48 и подпунктом 2) пункта 2 статьи 50 Закона Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите», постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 июля 2014 года № 756 «Об установлении классификации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера», аким города Приозерск **РЕШИЛ:**

1. Объявить чрезвычайную ситуацию природного характера в городе Приозерск.
2. Руководителем ликвидации чрезвычайной ситуации назначить заместителя акима города Приозерск Саденова Д.Ш. и поручить провести соответствующие мероприятия, вытекающие из данного решения.
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Акима города

К. Камзин

**Өңіріміздің ең жарқын жетістіктері****ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІКТЕРІМІЗ**

Ата-бабаларымыз сан ғасыр армандаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы еліміздегі іргелі істермен айшықталып, сәт сайын жақындап келеді. Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді.

Тәуелсіздік күні кез-келген мемлекеттің ең басты, ең қастерлі мерекесі. Бұл сан мың жылдар бойы ата-бабамыздың елі болып еркіндікке қол жеткізген күні. Бұл мереке әрбір отандасымыз үшін жүрегіне қуаныш ұялатар ерекше мереке.

Осынау тәуелсіздіктің 25 жылдығы мерекесіне өзіміз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласы да толағай жетістіктермен жетіп отырғаны анық. Тәуелсіздік – тәу етер киеміз. Ол біздің ерен ерлеріміздің ерліктерімен, аналарымыздың көз жасымен келген бақыт құсы. Сол бағымызды ұшырып алмай, Тәуелсіздік жолында жұмыла еңбек етуіміз керек. Тәуелсіздік күні қарсаңында республикамыздың түкпір-түкпірінде және қаламызда да қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі.

Міне, биыл Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтіп жатсақ, қаламыздың қазақстандық қала ретінде өз ғұмырын бастағанына 23 жылдан асып барады екен. Осы дәуір ішінде не тындырды? Неге қол жеткіздік? Тәуелсіздік жылдарындағы нәтижеміз қандай?.. деген сауалдардың алдымыздан көлденеңдеп шығары анық. Қаланың алға жылжу кезеңі 1993-жылдың жаз айынан басталды десек, қателеспейміз. Әрине, бұл кезең елімізде жаңа азат мемлекеттің экономикасының балық саласында қиын-қыстау, өтпелі дәуір болғаны жадымызда.

Қаланы қайта қалыптастыру үшін барлық саланы, құрылымдарды қайта құрып шығу қажеттігі түсінікті. Сондықтан қаланың әкімдігін және оның бөлімдері мен кәсіпорын, мекемелерін жаңадан жасақтау, оларды білікті кадрлармен, мамандармен қамтамасыз ету міндеті тұрды. Бұл қайта құрудың өзіне аса көп уақыт қажет болғаны рас. Бұл міндеттерді орындауды қала дамуының алғашқы жетістігі болды.

Екіншіден, қала тұрғындарына қолайлы жағдайлар жасап, оларға сапалы білім беру және денсаулық сақтау салаларымен қамту да кезек күттірмейтін міндетте екені айқын. Алғашқы жылдары қалада РФ госпиталінен өзге жатып емделетін аурухана болмады. Емхананың өзі ҚР азаматтарына жартылай қызмет көрсетті. Госпитальге жатып емделу үшін қалтаннан немесе мемлекет есебінен ақша төлеу тиіс болды. Сондықтан да 30 орындық жатып емделу мекемесі мен аралас мектептің толық қазақ мектебіне айналуы екінші жетістігіміз болатын. Бертін келе жарты түбектегі бос қалған қос ғимарат заманауи үлгіде толық күрделі жөндеуден өткеріліп, заман ыалабына сай ауруханамыз бен емханамыз пайда болды. №2 мектеп те толық жөнделіп, қазақ мектебіне айналып келеді. Бұны үшінші жетістік деуге саяды.

Қаладағы көптеген жартылай қираған немесе бос қалған ғимараттар жұрттың үлкен бас ауруына айлады. Олардың жөндеуге жарамды, жарамсызын анықтап, тазалау жүргізу үшін қыруар қаржы қажет болатын. Өз кезегімен ретке келтіріліп, жарамдыларына жөндеу жасалып, тұрғындар игілігіне берілді. Жарамсыздары бұзылып, орны реттелді және кейбірін орындарына өзге нысандар салынуы төртінші жетістік.

Сол қиын-қыстау 1994-95-ж.ж. қаланың көптеген үйлерінде жылу түгелі ыстық судың болмауы, тұрғындардың электр пештерінен көптеп пайдалануы, соның кесірінен жарықтың үнемделіп берілуі, көп үйлер тұрғындары отын

мен көмірден пайдаланып, темір пешке от жаққаны әлі жұрттың жадынан шыға қойған жоқ. Бұл бейнеттің де соңында рахаты барын сезінген ел бұған да шыдап бақты. Себебі жылу қазандығының ескіруі, ыстық су, жылу құбырларының әбден ескіруі – осының бәрі тұрақты және сапалы қызмет көрсетуге көп кесірін тигізді. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға № 1 жылу қазандығы толыққанды жөнделіп, құбырлар алмастырылып, ақыры бұл мәселенің шешімін табуын бесінші және маңызды жетістік деп айта аламыз.

Қала тұрғындарына, әсіресе әйел-аналарға ең ауыр қиындық тудырғаны – балаларын балабақшаларға орналастыру болатын. Өйткені қалада толыққанды қазақ балабақшасы мүлде болған жоқ. Маңызды мәселені түбегейлі шешуге тағы да мемлекет көмекке келді. Қалада алғаш рет «Айналайын» бөбекжай балабақшасы ашылғанда қызмет бабындағы ата-аналардың қуанышында шек болмады. Бұдан әрі кезек-кезектен балабақшалардың құрылысы жүріп отыруы мәселенің түкпілдік шешілуіне ықпал етті. Бұны алтыншы жетістігіміз десек артық болмас.

Қаланы дамытудың алғашқы сағатынан бастап өз қызметіне білек түре кіріскен ұлтжанды азамат, қала әкімі Сағымбай Медеубаев қанша қиын кезең болса да, қала мәдениетін көтеріп отыруды бір сәт те естен шығармайтын. Сол кісінің тікелей өз бастамасымен ұмыт бола бастаған «Наурыз» мерекесін уақытылы тойлап отыруға тоқсаншы жылдардың аяғына қарай қол жетті. Қала сыртында «Наурыз» тойы тойланып, аламан бөйгеден басталған аударыспақ, алтыбақан, көже пісіру, тұсау кесу, келін түсіру т.б. ұлттық болмысымызбен қуана қайта қауыштық. Бұл ұлық мерекені атап өтуге қала халқы ұлтына қарамай түгел қатысатын болды. Ұлты, діні басқа деп бөлінбей, мереке-тойларын, қуаныштарын бірге бөлісу тұрғындардың игі дәстүріне айналды. Мұндай ортақ мүддеге топтасу – Елбасының үнемі айтып жүретін ұлтаралық татулық, бірлік, достық жайлы мақсаттарын жүзеге асыруға алып келді. Жетінші жетістік осылай жүзеге асты.

Қазақстанның біраз аймақтарында діндегі теріс қарау үрдісінің ішінара қалыптасып кеткені кенес үкіметі тарап, әр мемлекет өз

тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана сезіле бастағаны ашы да болса, шындық екенін мойындаймыз. 1995-96-жылдары дүниеден өткен марқамның жаназасында қаладағы қазақ тұрғындары арасында арақ ішу дәстүрінің бары, діннің жоғалта қоймаған оңтүстік аймақтардан көшіп келгендердің жағасын ұстатты. Бұл жағымсыз жәйт қала әкімінің құлағына жетіп, қаладан мешітті іске қосу мәселесі көтерілді. Сол кездегі қала имамы Сайранбай Махмудов бастаған қала ақсақалдарының, иманды азаматтардың бастамасымен тұрғындардың қалауымен қаражат жиналып, әкімдік бөлген үлкен екі бөлмеге қажетті құрал-жабық, ыдыс-аяқ сатып алынды. Сол жерге ислам дінімізге қайта бұрылуға ниетті жұрттың ынта-ықыласымен жұма намазға жинала бастады. Дін дәрістеріне жасар мен балалар қатысу үрдісі көрініс берді. Бұл өмірімізге енген ең бір жақсы дәстүрдің бірі болатын. Жастардың ішкіліктен, бұзақылықтан, жаман әдеттен бас тартуына үлкен ықпал етті. Арадан біраз жыл өткенде өзіміздің дербес мешітіміз және оның асханасының құрылысы бітіп, қала жұртшылығы бір жерден діни шараларды, айт мерекесін, жұма намазын бірге өткізетін болды. Осылайша сегізінші жетістікке де қол жетті.

Қалада қазақша кітаптар қоры жеткілікті кітапхананың болмауы қалың оқырманның ізденуіне мәжбүрледі. Бұл мәселе қала әкіміне мәлім етіліп, әкімдіктің тікелей атсалысуымен басты жұмыс кітап қорын толықтырудан басталды. Кітапхана үшін ғимарат бөлінді және оған тиісінше жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған білікті басшы тағайындалып, мамандармен қамтамасыз етілді. Тұрғындар мен балалардың өздігінше білімін жетілдіретін органдың жұмысы біржолата жолға қойылды. Ақын, жазушылардың мерейтойлары жүйелі түрде аталып өтілді. Кеңестік жүйенің жаппай құрбанына айналған арыстарымыздың шығармалары ұрпақтарымен қайта қауышты. Бұл да ұлттық рухымызды қайта серпілті. Бұл аса маңызды сегізінші жетістігіміз еді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
заметтің арнаулы тілшісі.  
(Жалғасы келесі санда.)**

**...Өз тіліңді құрметте!****МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАУ - ПАРЫЗЫМЫЗ**

Мемлекеттік тіл - еліміздің көпұлтты халқын саяси-мәдени бірлікке ұйымдастырудың басты құралы. Тіл - достықтың дәнекершісі, мәдениеттің көрсеткіші. Тілдің тағдыры тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесінің маңызы зор. Мемлекеттік тілдің дамуының ырыс-бәреkesі қазақстандықтардың әрбіріне де ортақ мерей. Өткен ғасырдың басында С.Торайғыров: «Ел түзелсін десең, алдымен өзінді түзе» - деп жазған болатын. Бұл шындық. Сол үшін әрбір қазақ отбасы өзара қазақша

сөйлеп, ұрпағының да қазақша сөйлеуіне қол жеткізуі керек. Бұл ата Заңымыздағы азаматтық сана құндылығының көрінісі болып табылады. Алдымен мемлекеттік тілді өзіміз құрметтеп, өзіміз қолдануымыз керек. Сондықтан бұл мәселеге бей-жай қарамауымыз керек.

Сондай-ақ, қазақ тілі дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан «алты жүз» тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие «екі жүз» тілдің қатарында тұр. «Қазақ тілі - халық болып жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» - деп Жүсіпбек

Аймауытов айтып кеткендей, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде мемлекеттік тілге деген құрмет сезімі болуы керек.

Ана тіліміз, яғни қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл - халықтың жаны, сәні, дәлірек айтқанда, тұтастай кескін-келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін оның ана тілі мен дәстүрі, өйткені халқымыз дәрежеге емес, дәстүрге бағынған. Қазіргі қазақ тілі - мемлекетімізді өркендетуге себепші болатын қуатты күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруге пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай ұлттық рухта тәрбиелеудің өткір қаруы.

Тіл - біздің ең қымбат қазынамыз. Біздің тіл - әйгілі би-шешендеріміз, атақты Жамбыл, Абай, Мұхтар, Ілияс сынды данағөйлеріміз сөйлеген тіл.Туған тілімізді жете білу арқылы өнер-білімнің, мәдениет пен ғылымның биігіне жете аламыз. Біз - атадан мұраға қалған қаси-



етті тілімізді қадірлей білігін ұрпақыңыз! Мемлекеттік тілді қолдау - барша қазақстандықтардың парызы деп біліміз.

**П.С.Кенжебекова,  
«Приозерск қалалық кітапханасы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
директоры**



Қала өмірінен

# АУМАҚТЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІ

Жақында Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің кезекті мәжілісі қалалық әкімдіктің мәжіліс залында болып өтті. Кеңес мәжілісіне Кеңес мүшелерімен қатар қаланың мемлекеттік мекемелері мен қызмет көрсету орындарының жауапты тұлғалары қатысты.

Кеңесті ашқан жергілікті өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің төрағасы М.К.Сахалов күн тәртібіндегі кеңесте қаралатын мәселелердің мазмұнымен таныстырып өтті. Кезекті мәжілісте төмендегі мәселелер қаралды:

1. Инфляциялық процестерді тұрақтандыру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдердің бағасын тұрақтандыру бойынша жұмыс есебі.

2. Эксплуатациялық шығындар туралы есебі.

3. Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару Кеңесінің құрамын қайта қарастыру.

4. Приозерск қаласы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару Кеңесінің хатшысын қайта тағайындау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ақан Жүсіповтың Инфляциялық процестерді тұрақтандыру және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдердің бағасын тұрақтандыру бойынша жұмыс есебі тың-

бар азық-түліктердің сатылуына қатаң бақылау орнатылған ба?» және Н.Қарабековтен «Дүкендерде кейбір сақтау мерзімі өтіп кеткен азық-түліктер мен консерві тауарларының сатылуына бақылау неге орнатылмайды?» деген сауалдар жолданып, жауап берілді.

Екінші мәселе – «Эксплуатациялық шығындар туралы есебі» бойынша Приозерск қаласы «КТҮҚҚБ» КМК директоры Т.Ежибаев баяндама жасады. Оған М.К.Сахаловтан «Тұщы су деп беріліп жатқан судың құрамын



бейтарап сараптамадан өткізу керек», «Ай сайын жиналып отыратын пайдалану шығындарына арнайы есеп жүргізіле ме және олардың қайда, қалай жұмсалып жатқаны жайында нақты есеп бере аласыз ба?» және кеңес мүшесі З.Ералиевалардан «Сіздің мекеме жұмысы, қызметкерлеріне неліктен уақтылы жалақы төленбейді, жалақы төлеу мерзімі жарты жылға дейін созылып кетеді?» деген сауалдар қойылып, баяндамашы халқадерінше жауап берді. «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Т.Айдарханұлы баяндамашының берген мәліметтеріне қосымша түсініктеме берді.

Жергілікті өзін-өзі басқару Кеңесі мәжілісінің қортындысы бойынша арнайы қаулы қабылданып, ол жауапты орындар басшылары мен тиісті мекемелерге табысталады болады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



далды. Баяндамашыға мәжіліске қатысушы Ж.Есенжолов тарапынан «Әлеуметтік маңызы

## Тәуелсіздік мерейтойына тарту

# ЖАҢА КУПЮРАДА-ЖАСАМПАЗ КӨШБАСШЫ

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған жаңа 10 мың теңгелік банкнотқа Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнесі басылмақ. Бұл туралы Астанада өткен «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл: ұлттық валюта» тақырыбындағы конференцияда Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді.

Жуырда Елордамызда мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бейнеленген жаңа мерейтойлық 10 000 теңгенің таныстырылымы өтті. Ресми хабарламада атап өткендей, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы – халықты ұйыстыра білген Ұлт көшбасшының жетекшілігімен Қазақстанның жүріп өткен жолын паш ететін үлкен оқиға. Мемекет басшы-

сының реформалары арқасында Қазақстанның қаржылық жүйесі аймақта оқ бойы озық тұр және әлемдік талаптарға сай келеді.

Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жеңісті жетістіктері мен тегеурінді табыстары – Президентіміздің ерен еңбегінің нәтижесі. Елбасы дидары бейнеленген бұл жолғы мерейтойлық банкнот Нұрсұлтан Назарбаевтың жалпы халықтық көшбасшы екенін тағы бір мәрте көрсетіп, ұлттық валютаның дамуындағы маңызды кезеңді аңғартқандай.

Жаңа купюра 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай шектеулі таралыммен бастырылады.

ҚР ғаламтор-ресурстарының материалдары бойынша



## Болашағымыз - бірлікте!

# ЕҢСЕСІН КӨТЕРГЕН ЕГЕМЕНДІ ЕЛ

Үстіміздегі жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, өз алдына егеменді ел атанғанына 25 жыл толғалы отыр. Еліміздің егемендігін шет мемлекеттер мойындап, егендік жылдары Қазақстан тарих сахнасынан «ойып тұрып» өз орнын алды. Ел басы Нұрсұлтан Назарбаевтың салихалы саясатының арқасында Қазақстан Республикасы ғасырларға бергісіз жолды жүріп өтіп, көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда:

-ұлттық валюта теңге айналымға енгізілді;  
-ел ордамыз Алматыдан Ақмолаға көшіріп Сарыарқа төрінде заманауи әсем Астана қаласы бой көтерді;

-мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көрші мемлекеттермен екі-жақты келіссөздер жүргізіліп, мемлекеттік шекарамыз айқындалды;

- Қазақстан БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді халықаралық ұйымдарға мүше болып, көптеген мемлекеттермен дипломатиялық қатынастар орнатып, елордада халықаралық ұйымдар әр-түрлі жиындарын өткізіп, ядролық қарудан бас тарту және оны жою жөнінде бас-тама көтеріп, бүкіл дүние жүзіне танымал бол-ды;

-ашық нарықтық экономикаға негізделген іс-шаралар жүзеге асырылып, шет елдерден инвесторлар тартылып, жаңа нарықтық эко-

номика қалыптасты, к а з і р г і у а қ ы т т а өз жемісін беруде;

-бірінғай ұлттық жүйе және мемлекеттік билік органдары, сот жүйесі құрылды;

-Құқықтық мемлекет құру жөнінде жаңа заңдар қабылданды.

Тәуелсіздіктің 25 жылында Қазақ елі экономикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық дамуы жаңа сатысына көтеріліп, дүние жүзіндегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды мақсат етіп отыр. Сондықтан тәуелсіздігімізді қадірлеп, оны қастерлеп, ел экономикасын одан әрі дамытып, халқымыздың әл-ауқатын одан әрі жақсартуға, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға әр қазақстан азаматы өз үлесін қосуы қажет деп санаймын. Бірлігі жарасқан ел ғана биік белестерді бағындыра алады.

Б. Әдепбеков,

Приозерск қалалық сотының төрағасы



## ЭКСПО-2017

# СОВМЕСТНОЕ СОВЕЩАНИЕ НК «АСТАНА ЭКСПО-2017» С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ДИПЛОМАТИЧЕСКОГО КОРПУСА

24 ноября 2016 г., г. Астана  
Состоялось совместное совещание АО «НК «Астана ЭКСПО-2017» с представителями дипломатического корпуса, аккредитованного в Республике Казахстан.

На повестке дня были обсуждены вопросы поаккредитации и безопасности во время проведения Международной выставки ЭКСПО-2017.

Об основных моментах проделанной работы национальной компании рассказал заместитель Председателя Правления Ербол Шорманов, подчеркнув, что все мероприятия проходят согласно установленному графику, работа усилена по всем направлениям.

«Подготовка к выставке идет полным ходом. С 31 октября началась процедура передачи международных павильонов Участникам. Особое внимание уделяется работе по обеспечению безопасности наших посетителей. Для реализации которого нами детально изучен международный опыт проведения подобных мероприятий в Шанхае, Йосу, Милане и спортивных соревнований в Сочи и Баку», - отметил Е.Шорманов.

Уже с декабря текущего года запускается система «Аккредитации» на выставку ЭКСПО-2017. Также будет работать «Callcentre». Все объекты выставки оснащены современными

системами видеонаблюдения, пожаротушения и охранной сигнализации. Для комфортной доставки посетителей и гостей Выставки разработана схема логистики. Круглосуточно будут работать группы пожаротушения и медицинского обеспечения.

Посол Египта в РК Хайсам Салах Ибрагим (Haitham Jakah Kamel), в свою очередь, положительно отметил подготовку к ЭКСПО-2017.

«Позвольте подчеркнуть, что после того, как мы официально подтвердили свое участие на выставке, совместно с национальной компании проведена огромная работа. И я уверен, выставка пройдет на высоком уровне. Также хочу отметить, что в участии выставки ЭКСПО-2017 заинтересованы многие компании нашей страны», - сказал посол.

Напомним, что на сегодняшний день 106 страны и 17 международных организаций официально подтвердили свое участие в ЭКСПО-2017.

ОВП,К и РЯ г.Приозерск

## Легализация

# УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

В Казахстане продолжается кампания по легализации имущества.

Государство дает возможность гражданам без штрафных санкций и по упрощенной схеме оформить не только жилые дома, дачи, гаражи, но и деньги, счета, доли в компаниях.

Напоминаем Вам, что 31 декабря 2016 года заканчивается срок легализации имущества!

В соответствии со статьей 4 Закона Республики Казахстан от 30 июня 2014 года «Об амнистии граждан Республики Казахстан, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в Республике Казахстан, в связи с легализацией ими имущества» - срок подачи документов для предъявления недвижимого имущества, находящегося на

территории Республики Казахстан, права на которое не оформлены в соответствии с законодательством Республики Казахстан, к легализации заканчивается 30 ноября 2016 года.

По возникшим вопросам о порядке легализации имущества обращаться по адресу: город Приозерск, улица Пушкина, 7, здание аппарата акима, 2 этаж, кабинет № 18.

График работы: с понедельника по пятницу – с 9.00 до 18.00 часов. Перерыв на обед – с 13.00 до 14.30 часов. В субботу – с 9.00 до 13.00 часов.

Телефон для справок 5-41-97.

Государственно-правовой отдел аппарата акима города



Елбасы Жолдауы – Халықтың қолдауы

Жұмыссыздарға жәрдем

## ЖОЛДАУ ТУРАЛЫ ШІКІР

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауының ерекшелігі басым. Бұл Жолдау тәуелсіздігіміздің 25-жылдығы қарсаңында, бүкіл әлемдегі күрделі экономикалық дағдарыстың шиеленіскен кезеңінде жарияланған болатын. Мемлекет басшысы бүгінде республика экономикасы күрделі дағдарысқа қарамастан жұмыс істеп жатқанына назар аударды, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және негізгі мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылу барысы туралы баяндады.

Елбасы энергия тасымалдаушы өнімдер бағасының төмендеуі себепті ел бюджетіне түсетін кірістердің қысқарғанын, сонымен қатар, өзге экспорттық тауарлардың негізгі түрлерінің, соның ішінде қара және түсті металдардың, көмірдің бағасы төмендегеніне назар аударды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік кәсіпорындар, соның ішінде машина жасау саласындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың көрсеткішін арттырудың, маңыздылығын атап өтті. Қазақстан Президенті әлемдік нарықтағы күрделі ахуалға қатысты тұжырымдар жасалып отырғанына назар аударды. «Әлемдегі, соның ішінде Еуропа мен Шығыс Азиядағы экономиканың ахуалын ескере отырып, жағдайдың жуық арада жақсаруын болжау мүмкін емес. Халқымыз қалыптасқан жағдайды білуі тиіс, кәсіпорындарымыздың кірісі азайып, табыстың төмендеуі және жұмыс орындарының қысқаруы ықтимал. Бұл дағдарыс ілгері жылдардағыдан да күшті, нағыз дағдарыс деп келеді. Осыған байланысты Үкіметке талдау жасауды, дағдарысқа қарсы жұмыстардың жоспарын әзірлеуді, қажетті шараларды белгілеп, оны халыққа жеткізуді тапсырамын» – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті мемлекет азаматтардың әлеуметтік көңіл-күйінің төмендеуіне жол бермейтінін тағы да қадап айтты. Қиын кезеңдерге қарамастан, мемлекет басшысы білім саласына, ұстаздардың әлеуметтік жағдайына ерекше



көзқарас танытып келеді. «Нұрлы Жол» бағдарламасы еңбекпен қамту бағдарламасын толықтыруға, кәсіптік-техникалық білім арқылы жаңа мамандық алу мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Осылайша жұрт қажет болған жағдайда өз кәсіпорнында жаңа мамандық ала алатын болады, яғни 2017-жылдан бастап қазақстандықтарға тегін кәсіби-техникалық білім беріледі. Сонымен қатар, бізде халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдауды жалғастыратын болады. Осы орайда Мемлекет басшысы жаһандық дағдарыс жағдайына қарамастан жалақыны еселеу мүмкіндігі барын атап өтті. «Жаңа жылдан бастап бюджет қызметкерлерінің жалақысы, әлеуметтік жәрдем-ақылар мен шәкіртақы орташа алғанда 30 пайызға дейін көбейетін болады. Осының барлығы халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне негіз болады» – деген еді Елбасы. Осының нәтижесінде 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласының жалақысы 29%-ға, білім беру саласының жалақысы 28%-ға, сондай-ақ, «Б» корпусының мемлекеттік қызметкерлерінің еңбекақысы 30 пайызға артқан болатын. Бұл – Жолдаудағы жақсы жаңалықтың бірі еді. Жолдауда айтылған міндеттерді абыроймен атқару, әрі жүзеге асыру-әрбіріміздің басты парызымыз.

**Коньсбаева**

**А.Ш., «Ұлттық сараптама орталығы»**

**ҚО бойынша филиалының Приозерск қаласының бөлім бастығының м.а.**

*Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!*

## Қ О Ғ А М Ү Ш І Н Қ А У І П Т І Д Е Р Т

Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаң-дататыны анық. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – Қазақ-станның да бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»-деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарих-тан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңна-маларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байла-ныстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатытын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы «Қазақстан хал-



қының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кезкелген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

**Е.Н.Бекмурзин,  
ҚР АШМ АӨК МИК  
Приозерск ҚАИ  
басшысы**

## БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕНКЕСІ ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың 11-қараша күні «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-мен «Жастар ресурстық орталығы» КММ бірлесіп қаладағы жұмыссыз азаматтар үшін «Бос орындар жәрменкесін» өткізді.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, жалғыз басты, көп балалы ата-аналарға, пробация қызметінде тіркеуде тұрған азаматтарға және барша жұмыссыз азаматтарға жұмысқа орналастыру мақсатында жұмыс берушінің өзімен

медбике, фармацевт, мұғалімдер, сатшылар, аудармашылар және т.б. мамандықтар ұсынылды.

Жәрменке өткізерден бұрын үлкен ақпараттық жұмыс жүргізілді, яғни жәрменкеге қатысу туралы хабарландыру таратылды, сонымен қатар әкім аппаратының және Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сайтына хабарландыру салынды. «Бос орындар жәрменкесіне» 17 жұмыссыз азаматтар қатысты, оның ішінде: әйелдер – 13, ер адамдар – 4, жастар – 9. Келгендердің білім деңгейі: жалпы



тікелей тілдесу мақсатында бос жұмыс орындар жәрменкесін ұйымдастыру олар үшін тиімді болды. Осы мәселе бойынша «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ басшысы Дүрия Бижанованы әңгімеге тартып, бос орындар жәрменкесінің қалай өткендігі жайында айтып беруін өтінген едік.

7 мекеменің кадр бойынша мамандары («Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ, «Әскери құрылыс» ЖШС, 60708 әскери бөлімі, ЛОК «Балхаш», «Попова ЖК» және т.б.) жұмыссыз азаматтарға 61-ден астам бос жұмыс орындар ұсынды, атап айтқанда: бас маман,

орта – 4, орта-арнайы – 11, жоғары – 2.

Іс-шараны өткізу қорытындысы бойынша, бос орындарға үміткерлерді әрі қарай қарастыру үшін жұмыссыз азаматтармен 17 сауалнама толтырылды. Жәрменке шеңберінде, ұйымдастырушылар «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бойынша, жұмысқа тұру және оқу бойынша жиналғандар арасында толық түсіндіру жұмыстарын өткізді.

Мекеме басшысы мұндай бос орындар жәрменкесін алдағы уақытта да өткізіп отыруды жоспарлайтындарын мәлімдеді.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ**

*Совершенствование правосудия*

## НЕОБХОДИМОСТЬ В ПРИБРЕТЕНИИ МЕЖДУНАРОДНОГО ОПЫТА ДЛЯ СУДЕЙ НАШЕЙ СТРАНЫ ПО ДЕПОНИРОВАНИЮ ПОКАЗАНИЙ УЯЗВИМЫХ СВИДЕТЕЛЕЙ

В Карагане 10-11 ноября 2016 года, согласно проекту Европейского Союза, проведен семинар-тренинг на тему «Депонирование показаний уязвимых свидетелей следственными судьями Карагандинской области в рамках программы «Совершенствование уголовного правосудия в Казахстане».

Данная программа предложена Европейским союзом и поддержана Верховным судом Республики Казахстан, с проведением семинаров в некоторых ее регионах. В семинаре приняли участие гости из Великобритании, должностные лица судейского корпуса этой страны, в отставке, как представители международной общественной организации, для предложения следственным судьям Казахстана уже опробованной системы допроса уязвимых свидетелей, к которым относятся несовершеннолетние свидетели в возрасте до 18 лет и свидетели, чьи показания существенны и необходимы по уголовному делу, но они в силу тех или иных обстоятельств не могут давать показания по уголовному делу в ходе его досудебного расследования и в судах непосредственно.

Семинар открыл председатель Карагандинского областного суда Алимбеков М.Т., который выразил свое мнение по семинару и положительную его тенденцию для совершенствования уголовного правосудия в Казахстане, рассказал гостям и участникам семинара о судейской системе периода Великой степи о своде законов «Жеті жарғы» и по наше время. Системы уголовного правосудия Великобритании и Казахстана различны и применение их в той степени, в которой они развиваются в настоящее время, отличны друг от друга. Британские представители Девид Кейтер и Ян Карстер считают, что их системой просчитаны и продуманы все этапы депонирования свидетельских показаний в их



уголовном производстве, поэтому их система более приемлема, нежели наша система. Однако в ходе семинара, отвечая на вопросы следственных судей, они поняли, что ими еще не до конца изучена наша система депонирования, которая введена в уголовное производство недавно, и это различие систем было очевидным.

Семинар прошел активно и интересно, судьи Казахстана проявили особую заинтересованность к международным правилам депонирования показаний свидетелей, старались принять для себя лучшие ее моменты, которые были бы приемлемы для использования в нашей уголовной системе. Хотелось бы выразить мнение следственных судей нашей области, которое было общим для всех участников семинара, чтобы следственные судьи могли воочию убедиться в преемственности английской системы депонирования показаний для судей Казахстана, с непосредственным выездом в страну Европейского союза, которая предлагает нам программу «Совершенствование уголовного правосудия в Казахстане».

**Э.Ахметова,  
судья Приозерского городского суда**



Қазақстанда жасалған

### ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА «ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» АКЦИЯСЫ БОЙЫНША ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ» АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен 2015 жылдың 11 ақпанында өткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында Елбасы, «Қазақстанда жасалған» акциясын бастай отырып, барлық сауда желілерінде отандық өндірушілердің өнімдеріне арналған арнайы сөрелер орнатып, халқымызға өзіміздің отандық өнімдерді сатып алу туралы бастама көтерген болатын. Бастамаға сәйкес еліміздің барлық өңірлерінде «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясы бастау алды.



Тапсырмаға сәйкес, қаламыздың кәсіпкерлеріне шараның мәні мен маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қаламыздың дүкендерінде отандық өнімдерге арналған арнайы сөрелер орнатылды. Отандық өндірушілердің өнімдері арналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды. Бұл отандық өндірушілердің өнімдерін сатып алғысы келетін азаматтарға өте қолайлы деп ойлаймын.

«Балқашсүт» ЖШС Қарағанды облысындағы сүт өнеркәсібі бойынша алдыңғы қатардағы кәсіпорындардың бірі болып саналатындықтан, кәсіпорынның мамандарын Приозерск қаласына шақыртқан болатынымыз. Шақыртуымызға сәйкес, 2015 жылдың 23 сәуірі күні Балқаш көшесі 5 ғимаратының мәжіліс залында отандық сүт өнімдерін насихаттау мақсатымен жиналыс ұйымдастырылды. Кездесу барысында кәсіпорынның мамандары отандық сүт және сүт өнімдерінің түрлеріне, олардың адам денсаулығына пайдасы мен қасиеттеріне жеке-жеке тоқталып түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда қаламыздың дүкендеріндегі «Балқашсүт» ЖШС өнімдерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» бірыңғай логотипі орналасқан.



Қазақстандық өнімді насихаттау бағытында 2015 жылдың 28 сәуірінде қаламыздың тұтынушылары көп шоғырланатын «Центральный» сауда дүкенінде «Қазақстанда жасалған» акциясы шеңберінің аясында іс-шара ұйымдастырылды. Акция барысында отандық өнімдердің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылып, тұтынушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шарада келесі өнімдер тұтынушыларға сатылды: бірінші сұрыпты бидай ұны және ұн өнімдері, нан-тоқаш өнімдері, шұжық өнімдері, сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, консервіленген өнімдер, жармалар, тауық еті, тауық сирағы, жұмыртка, сұйық май, күріш, маргарин, кетчуп, майонез, томат пастасы, тұз және т.б. өнімдер.

Отандық өндірушілердің өнімдерін қолдау мақсатында 2015 жылдың 10 қазаны күні Приозерск қаласының орталық алаңында «Қазақстанда жасалған» жәрменке акциясы ұйымдастырылды. Жәрменкеде сатылған азық-түлік өнімдерінің көлемі 29,3 тоннаны, ал соммасы 4 млн. 220 мың теңгені құрады. Ағымдағы жылы аталған акция өз жал-

ғасын тапты. Бүгінгі таңда Приозерск қаласының аумағында 3 кіші наубайхана мен 1 жинау мен құрастыру орталығы бар. Қарағанды облысындағы өндірілетін өнімдерге «Қазақстанда жасалған» Бірыңғай логотипін орналастыру бойынша тапсырған жоспарға сәйкес, бүгінгі таңда ЖК Жданованың нан өнімдеріне арналған арнайы сөрелер орнатылып, онда нан-тоқаш өнімдері қойылды. Нәтижесінде, нан өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды.

Отандық өндірушілердің өнімдерін қолдау мақсатында ағымдағы жылдың 12 қарашасы күні Приозерск қаласының орталық алаңында «Қазақстанда жасалған» жәрменке акциясы ұйымдастырылды.

Акцияның негізгі мақсаты қала тұрғындарын патриот болып, өзіміздің отандық өнімдерімізді сатып алу арқылы отандық экономикамыздың дамуына үлес қосуға шақыру болып табылады. Жәрменкеге отандық өнімдерімізді қолдайтын жергілікті және сырттан келген кәсіпкерлер мен ЖШС-ің өкілдері қатысты. Отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» логотипі бар түрлі-түсті белгі-тақтайшалар орнатылды. Бұл отандық өнімді ерекшелеп, тұтынушылардың тар-



тымдылығын арттырды.

Жәрменкеде 2,1 тн ет өнімі, 0,6 тн сүт өнімі, 21,5 тн көкөніс пен жеміс-жидек өнімі, 2 тн бакалей өнімдері мен 3 000 дана жұмыртқа сатылды. Жалпы сатылған азық-түлік өнімдерінің көлемі 26,3 тоннаны, ал соммасы 6 млн. 092 мың теңгені құрады. Қала тұрғындары ет, көкөніс, жеміс-жидек пен бакалей өнімдерін нарықтық бағадан 15-20 пайызға төмен бағаммен сатып алды.

Жәрменкеде «Тегін нан» акциясы аясында қаламыздың зейнеткерлеріне 100 бөлше тегін нан таратылды.

Акцияның аясында мерекелік концерт және орталық алаңда «Өз еліңді қолда» атты жастар флеш-мобы ұйымдастырылды.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы отандық өнімдерімізді ерекшелеп, тұтынушылардың елімізде өндірілетін өнімге деген тартымдылығын арттырады деп толық сеніммен айтуға болады.

Қорытындылай келе, «Барлық қазақстандықтарды, бүгінгідей қиын жағдайда, біздің қазақстандық өнімдерді сатып алуға шақырамын. Бұл Қазақстан экономикасына қосқан үлесіміз деп білейік» - деген Елбасымыздың үндеуіне қосыла отырып, қаламыздың тұрғын-



дарын патриот болып, өзіміздің отандық өнімдерді сатып алуға, сол арқылы отандық экономикамыздың дамуына үлес қосуға шақырамын.

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ

Болашағы біртұтас ел!

### ТЕМІРТАУДА АҚЫН ТОЙЫ ӨТТІ



Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Төлеген Айбергенов, Бекен Әбдіразақов, Шәмші Мұхамеджанов, Марат Отаралиевпен қазақ поэзиясына қатар келген Әмірзақ Қожамұратовтың да өлең өлкесіндегі орны бөлек.

Оған Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев сияқты алыптар санатындағы ағалары батасын беріп, ақ жол тілеген еді сол кезде-ақ. Ақын Әзізбектің Науаи облысы Тамды ауданында дүниеге келіп, сол жерде 47 жасында жарық дүниеден өтті. Өмекеннің көзі тірісінде солақай саясаттың және оған ақын ретінде жөнді жұмыс істеуіне пенделердің кесірі тигендігін бүгінге бәріміз білеміз. Әдебиет сыншы Зейнолла Серікқалиев Әмірзақ Қожамұратов ақынның ең бірінші жоқтаушысы да, зерттеушісі де болғаны тарихтан белгілі. Ол Тамдыға арнайы барып, ақынның қолжазбаларын саралаған. Редакциялап, текстологиялық зерттеулер жүргізген. «Ой-кешу» және «Күн астында – құдірет» атты жинақтарын жарыққа шығарып, достық парызын да адал атқара білген. Биыл тірі болса 80 жасқа толатын Өмекеннің жыр әлемінде қалдырған өшпес ізін оның қалың оқырмандары бүгінгі таңда шын бағалай бастағаны көңілге медеу.

Жуықта Теміртау қаласындағы Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің мәжіліс залында Әмірзақ Қожамұратовтың туғанына 80 жыл толуына орай жыр кеші болып өтті. Бес жүзден аса көрермендер қатысқан аталмыш ісшара, ақынның өмірбаяны мен шығарма-шылығынан мәліметтер беретін бейнебаянмен басталып, ізі еліміздің Астана, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Балқаш, Приозерск және Рудный т.б. қалалардан арнайы келген ақын-жазушылардың, жыршы-термешілердің, әнші-бишілердің, жыр оқушылардың өз өнерлерін көпшілікке паш етуіне жалғасты. Осында теміртаулық ақындар Әбдісәлі Дәулетбаев пен Балағабай Досбайұлының Ә.Қожамұратовқа арнаған толғаулары, Қарағанды МИ университетінің жанындағы «Парасат» танымдық клубы мен қарағандылық ақын Руслан Нұрбай жетекшілік ететін «Бота» интеллектуалдық Жастар клубы мүшелерінің, Теміртаудағы №2 қазақ орта мектебі директорының орынбасары Нұрғали Байбатшаевтың ақынға арнап, көзі тірісінде әкесі Нәханша Байбатшаевтың жазған өлеңі, және жас ақын Сымбат Арынованың Ә. Қожамұратовтың мерейтойына арнап жазып әкелген жыр-шашуы жұрт-шылықты тәнті етті. Қаладағы №4 орта мектептің оқушысы, республикалық жыр оқу мұшайраларының жүлдегері Мұхамеджан Темірөвтер ақынның жырларын мөнерлеп оқыды.

Жиналғандар Қарағанды МИ университетінің «Әл Тайыр» би тобы мен алыстан осы шараға арнайы келген Сыр елі жыршылық мектебінің түлектері қызылордалық Берік Саймағамбетов пен алматылық Сәбит Дінбайұлының және Әмірзақтың өлеңдерін кеңінен насихаттап жүрген астаналық Қазыбек жыраудың орындаған терме-леріне көрермен тәнті болды. Кеште Ә.Қожамұратовтың өлеңіне жазылған бірнеше әндер шыққалды. Республикалық «Жұлдызды сәт» тележобасының жеңімпазы, әнші Арман Қарынсау ақынның сөзіне жазылған Мырзағали Қойтбаевтың «Еркем» әнін орындады. Әнші-сазгер Арман Ахметов Мүсіреп Сатановтың «Туған жер» атты ақынның сөзіне жазылған, жаңа нұсқада әрленген әнін халықтың назарына ұсынды. Әнші-сазгер Анарбек Қозыбақов та Өмекеннің туған жерге арнаған осы өлеңін домбыраның үнімен үйлестіріп шығарған авторлық әнін

орындады. Әнші-сазгер Әнуар Жанаханов Өмекеннің өлеңіне жазылған, конкурс лауреаты атанған «Өзінсің күнім – Отаным» атты әнін орындады және қарағандылық ақын Жәлел Қуандықұлының сөзіне жазылған «Жыр жүрек» атты Ә.Қожамұратовқа арналған авторлық әнінің тұсаукесері жасалды. Өмекеннің өлеңдеріне және ақынға арнап жазылған әсем әндер орындалды. Кеш барысында Тау елінің ардақты азаматтарының бірі, ағартушы, ақын, сазгер марқұм Қазбек Амандыков та еске алынып, ол кісінің «Жүзқұдық» атты өзінің сөзіне және әніне жазылған туындысын Сәбит Дімбайұлы нәшіне келтіре шыққалды.

Жыр кешіне Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Кәдірбек Құныпияұлы мен ақын-жазушы Орынбек Сахидәулетұлы, алматылық журналист, ақын, жазушы Қали Жолдасов, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің проректоры Мәдина Мейрамқызы, айтыскер ақын Айтбай Жұмағұловтар қатысып, Әмірзақ Қожамұратовтың шығармашылығына шолу жасады және жылы лебіздерін білдірді. К.Құныпияұлы осы шараның ұйымдастырылуына мұрындық болған Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің ұжымына, «Тау елі» жыр сүйер қауымының мүшелері Халилулла Қарсақовқа, Әбдісәлі Дәулетбаевқа және Әнуар Жанахановқа Қазақстан Жазушылар Одағының атынан «Алғыс хат» тапсырды. Жас ақын Сымбат Арынованың ақынға арнап жазған өлеңіне тәнті болып, оған өнерінің шындығын тілектестік білдіріп, өзінің жыр жинақ кітабын естелік етіп табыстады. Жыр кешінің соңында, сахна төріне Өмекеннің немере інісі Сүлеймен Тасымов бастаған ақынның туған-туысқандары көтеріліп, ұйымдастырушылар мен жылжандарға өз ризашылықтарын білдірді. Ақынның 80 жылдық мерейтойына арнайы дайындалған «Тонаған ғұмыр жасын уақыт-ай ...» атты кітапшасы арналған жыр кешіне келген



қауымға және жалпы жұртшылыққа кештен естелік ретінде таратылды. Кітапшаны шығаруға демеушілік еткен Бибіайша Аманшаева мен Қамаралдин Әбуовқа және кешке қатынасқан барлық азаматтарға жыр кешінің басты ұйымдастырушысының бірі Халилулла Қарсақов арнайы алғыс білдірілді.

Жыр кеші Ә.Қожамұратовтың шәкірті әрі жерлесі, ақын Айнұр Жаппарқұлдың өлеңіне жазылған, белгілі сазгер Ержан Серікбаевтің «Жаса, Қазақстан!» әнінің шырқалуымен аяқталды. Теміртау қаласының ғана емес, Қарағанды облысының тарихында Республикалық деңгейде, тұңғыш рет ұйымдастырылған бұл жыр кеші Ә.Қожамұратовтың іздеушілер мен ұйымдастырушыларға үлкен әсер қалдырды және ақын әруағын бір риза етіп тастағаны анық. Бұл игілікті іс біздің болашағымыздың бірлікте екенін және өлең-өнердің өміршеңдігін, жұмыла көтерген жұктің жеңіл боларын тағы бір рет дәлелдеді. Өр ақын Әмірзақтың мерейтойына ақынның өлеңдегі құдіретін мойындағандықтан, бас игендіктен және әруағын сыйлағандықтан біздің қаланың арнайы өкілдері ретінде ұстаз-ақын Орынбек Әйтпенбетов, әнші Әбдіраман Жүсіпов және осы мақала авторы мен де сыйлық-сыбағаларымыз – ән-өлең-жырларымызбен құрметті қонақ ретінде катыстық.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.

## ҚАЛА АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТҚАҢДАР

Соңғы оншақты жыл көлемінде бұрынғы балалардың мәдениет және спорт сарайы, қазіргі «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының тәрбиеленушілері өнер және спорт саласы бойынша біраз белестерді бағындырып, биіктерден көрініп жүргені көпшілікке аян. Соның ішінде би өнері бойынша жеткен жетістіктерін саусақпен санап алмайтын дәрежеге жеттік десек те болады. Әрине, бұл осы өнерді қаулап, тандаған балалардың талантының, талабының және еңбегінің арқасы дей тұрсақ та, көнерсе олардың жетекші-тәлімгеріне тікелей байланысты екендігінде дау жоқ. Соңғы кезде «Айналайын» балабақшасының тәрбиеленуші балдырғандары да өнердің би түрінен республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, ең жоғарғы нәтижемен оралғанын, сөйтіп өз балабақшаларымен қатар қаланың да мерейін үстем еткенін хабардармыз және оны газет беттерінде үзбей жариялап отыруға тырысып келеміз.

Вокал номинациясы бойынша тағы да «Айналайын» бөбекжай бақшасының әуен бойынша ұстаздары Марс Сүлейменовтің жетекшілігіндегі бүлдіршіндердің алып жатқан асулары ауыз толтырарлықтай. Басты мақсат балаларды әуен мен әнге баулу, әуендік қабілеттерін жетілдіріп, өнерге ыңғайы бар балалардың талантын айқындау болғанымен, бүлдіршіндерді осындай байқаулар мен конкурстаға қатыстырып, қанат-

хабарластық.

Балалар тәлімгерінің айтуынша, осы жылдың қараша айының 5-6-жұлдыздарында Қарағанды қаласында өткен облыстық «Тәй-тәй басқан балапан» атты фестиваль конкурсына «Айналайын» балабақшасынан және «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығынан балалар аталмыш шараға қатысқан. Облыс бойын-



ша өткен өнер байқауына қатысқандардың қарасы көп болыпты. Қанша дегенмен, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған шараның салмағы да ауыр ғой. «Айналайын» бөбекжайының 4 жасар «Айналайын» би тобы бүлдіршіндері хореография номинациясы бойынша Татар халқының «Достық» биін билеп бірінші орынға ие болған. Бұл топтың құрамында атап айтқанда Жалғас Оразакын, Аяжан Қайрат, Талшын Қуатбек, Динара Асхан, Медет Әбілділа, Нұрлан Ғалымжанов, Нұрбақыт Жолдасбек және Айша Мейрам секілді бүлдіршіндер болыпты. Небәрі 4 жастың айналасындағы балақандардың үлкен додалы өнер бәйгесінен алып қайтқан олжасы мен жеңісі талайымздың тандаймызды қақтырды. Жетекшілері П.М.Нұршаева.

Вокал номинациясы бойынша тағы да «Айналайын» бөбекжай бақшасының бүлдіршіндері Жалғас Оразакын «Отан – туған еліміз» әнін нәшіне келтіре шырықп, бірінші орынды жеңіп алды. Аяжан Қайрат «Жақсы көрем» әнімен екінші орынды иеленсе, Нұрхан Жүнісов «Қошақаным» әнін орындау арқылы жүлделі үшінші орыннан көрінді. Бұлардың үшеуі де өз дәрежелері бойынша лауреаттар атанды. Вокал бойынша тәлімгерлері Марс Әбуұлы Сүлейменовтің дайындауымен бәйгеге қатысқан жүлдегерлер жеңісі олардың талпынысын одан әрі арттыра түсері сөзсіз.

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының «Жұлдыз» би үйірмесінің тәрбиеленушісі 6 жасар Арайлым Кәрібек «Көбелек көктем» жеке биін орындап, Гран при иегері атанды және айды аспаннан бір-ақ шығарды. Арайлымды да дайындаған Перизат апапы еді. Қаламыздан қатысқан бүлдіршін-өнерпаздарымыздың жеткен жетістіктері қала тұрғындарына жету үшін газет ұжымы әрқашан дайын және жеңімпаздарымызды жеңістерімен құттықтайды! Балақандарымыздың бұл жеңістері Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына жасаған игі тартулары болатынына сенеміз.

**НАЛТЫНБАЙҰЛЫ,**  
Суреттерде: жеңімпаз балалар тәлімгерлерімен

тарын қатайту, жеңіс биігінен көрсетіп, талаптарын шыңдаудың да өзіндік тиімділігі жоғары екені анық. Қандай ұстаз болса да, осы бағытты ұстанбақ. Жас шыбықтың қисық өспеуін бағбан қадағаласа, балақандардың дұрыс тандау жасауына ұстаздары бағыт-бағдар береді. Аталған ұжымдардың тәрбиеленушілері жақында тағы да қаламыздың абыройын асқататын қайтқаны жайлы сүйінші хабарды құлағымыз шалып, осы туралы би топтары мен жеке би орындаушылар тәлімгері, биші Перизат Маратқызы Нұршаеваға



## ӨСІМДІК АУРУЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

Қазақстанның түрлі аймақтарында ауыл шаруашылық дақылдарыөткен аурулармен залалданып, олардан алынатын өнімнің саны мен сапасы төмендеп шаруашылыққа едәуір зиянын тигізеді. Ауыл шаруашылық дақылдарының ауруларын алдын алу және дамуын тежеу үшін агроном және өсімдіктерді қорғау мамандары өсімдік аурулары туралы толық мәліметтерді білу қажет.

Өсімдіктерде аурулардың пайда болу себептеріне байланысты **жұқпалы және жұқпайтын болып екіге бөлінеді.**

Жұқпайтын аурулардың негізгі себептері болып **абиотикалық факторлар** (сыртқы ортаның бейорганикалық факторлары):

1. Өсімдіктерді өсіру жағдайының бұзылуы (топырақта және ауада ылғалдың жетіспеуі немесе шамадан тыс болуы, қоректену элементтерінің аз немесе көп болуы (микро және макро элементтер));
2. Ауа райының қолайсыз әсерлері;
3. Механикалық факторлар;
4. Ауада, суда, топырақта улы қосындылардың болуы.

Жұқпалы аурулардың себептері **биотикалық факторлар** болып табылады (патогенді микроорганизмдер, гүлді паразиттер).

Олар мынадай топтарға бөлінеді:

1. Саңырауқұлақты аурулар (микозы);
2. Вирусты аурулар (вириоздар);
3. Бактериялық аурулар (бактериоздар);
4. Актиномицетті аурулар (актиномикоз);
5. Микоплазмалық аурулар (микоплаз);
6. Гүлді паразиттер шақыратын аурулар.

Аурулап патологиялық оқшаулану процесінде **диффузды (жалпы) және локальды (жергілікті)** болады.

Жалпылай (диффузды) ауру кезінде ауру бүкіл өне ойына таралады. Бұған жататын аурулар солу, вирусты аурулар, қарақүйе.

Жергілікті (локальды) ауру кезінде өсімдіктің белгілі бір бөлігі ғана зақымданады (жапырағы, жемісі, тамыры, сабағы). Бұл ауруға жататын дақ ауруы, онез, бөртпелер, жара, парша. Аурулар әртүрлі формада пайда болады, сондықтан ауруды зерттеу кезінде жалпы белгілері мен құбылыстарын білу қажет.

Аурулар белгілеріне қарай әртүрлі түрге бөлінеді:

1. Шірік ауру
2. Солу
3. Жаралар
4. Дақ аурулары
5. Теңбіл және хлороз ауруы
6. Өнездену
7. Ісік пен өскіндер
8. Жеміс пішінінің бұзылуы
9. Қара шірік
10. Бөртпе (бүрттік)
11. Мумификациялану
12. Парша

**К.Р.КАДИРОВА**

**ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

*Измени жизнь к лучшему!*

## 9 ПРИВЫЧЕК КОТОРЫЕ ПРИВОДЯТ К БЕДНОСТИ

**С глубокой древности мудрецы считают, что мысль – это самая большая сила в нашем мире. Во всей Вселенной нет силы более сильной, чем мысль. Это выражается в наших желаниях. Всё что происходит вокруг нас мы или создаём или, к сожалению, портим своими мыслями и желаниями. Есть восточная мудрость: «Куда мысль - туда энергия». Осознание и принятие данного изречения может кардинально изменить жизнь человека. Давайте посмотрим, что же мешает людям обрести уверенность в себе, внести в свою жизнь яркие краски, получить желаемый достаток.**

**Итак,**

**1. Чувство сожаления по отношению к себе**  
Настроение на бедность люди жалуют себя и полагают, что быть богатым им не предназначено судьбой. Жалеть себя – это прекрасный способ обрести многотонный якорь, который остановит вас на пути личного развития и обеспечит вечную бедность.

**2. Жадность**  
Постоянный поиск ценника с надписью «Скидка» и магазина с транспарантом «Распродажа», нежелание платить за хорошее образование своих детей, стремление заставить сотрудников собственной фирмы работать как можно больше за как можно меньше денег – вот верные признаки того, что вторая привычка бедных людей в вас уже есть. Запрограммированный на богатство человек готов платить за вещи их реальную стоимость и щедро вознаграждать труд своих помощников – и того же ожидает от других.

**3. Занятие делами, которые вы ненавидите**  
Иван терпеть не может гулять с собакой, но ленится построить ей вольер. Сергей Петрович приходит в бешенство от необходимости составлять квартальный отчет, но ни один из его заместителей не в состоянии это сделать. Лиза презирает работу аудитора, но только так может платить за кредит, который взяла на покупку машины прошлым летом. Все эти люди готовы к неудачам и бедности – причиной тому чувства, которые у них вызывает необходимость делать неприятные дела. Делайте не то, что нужно, а то, что вызывает наибольшее удовлетворение. Только в этой области вы добьетесь великолепных результатов!

**4. Измерение успеха деньгами.**  
Бедный человек уверен, что только обладание некой суммой денег способно принести ему радость. Успешный человек мерит счастье в единицах, более значимых, чем доллары, рубли или юани. В чем именно – каждый решает для себя.

**5. Трата большого количества денег, чем можно позволить.**  
Кредитные карты и улыбочивые сотрудники банков с радостью помогут вам оказаться в

долговой яме. Ведь человек, не желающий стать успешным, не хочет понять разницу между полезным кредитом, взятым на развитие собственного бизнеса, и губительной ссудой на покупку роскошной иномарки или огромного особняка.

**6. Выбор мгновенной выгоды.**  
Желание получить сразу и по максимуму – извечное свойство бедных людей. Они не способны понять то, что, устремившись на должность со средней зарплатой в солидную компанию, можно через несколько лет иметь гораздо больше, чем если обращать внимание только на то, сколько вы получите через месяц.

**7. Хныканье.**  
Жизнь тяжела? Просто ужасна? Кругом дискриминация, коррупция, хамство, криминал – вам, нормальному человеку, нет дороги к успеху? Со всем этим согласится каждый потенциальный неудачник. Вакцина от этой привычки – креативность. Находите уникальные возможности бороться с пороками внешней среды, выходите победителем из изначально невыгодной для вас ситуации!

**8. Сравнение себя с другими.**  
Петя думает, что он лучше своих одноклассников, потому что единственный окончил восьмой класс на «отлично». Вася уверен, что он хуже всех своих друзей, потому что единственный не работает на летних каникулах. А Лена хочет задуть свою подружку, потому что у той больше поклонников. У всех этих людей прекрасно развита восьмая привычка неудачника – стремление сравнивать себя с другими. Не допускайте, чтобы внешний мир захватывал контроль над внутренним!

**9. Измерение богатства деньгами.**  
Истинно богатые люди не только разорвали связь между счастьем и денежными знаками (избавившись от четвертой привычки бедняков), но и перечеркнули знак равенства между размером счета и понятием богатства. Настоящее богатство – это умение привлекать деньги, создавать их на пустом месте, организовывать новые виды бизнеса – и тогда вам не страшны ни налоговые, ни ограбления или похищенные номера кредиток.

**Всего лишь несколько вредных привычек, следуя которым многие люди, сами того не осознавая, делают свою жизнь серой и безрадостной, лишая себя её полноты. Всего лишь попробуйте, откажитесь от них на некоторое время и Вы заметите, как жизнь Ваша начнет по-немногу меняться в лучшую сторону, и мир засияет новыми красками.**  
Успехов Вам!

По материалам интернет-ресурсов РК



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ

Ағымдағы жылдың 7 қарашасы күні «Алтын күз» мерекесіне орай «Балбөбек» бөбекжайында ортаңғы «Айгөлек» тобында «Күз Ханзадасы мен Күз Ханшайымы» атты ертеңгілік сайысы өткізілді. Ертеңгіліктің мақсаты балаларға күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау, оларды әдептілікке, сыйластыққа



тәрбиелеу.

Ертеңгілік барысында балалар күз мезгіліне деген жыр тапқатарын арнап, хормен «Жомарт күз» және «Алтын күз» әндерін орындап, қыздар «Қолшатыр» биін билеп, «Дәміне қарай ажырат» ойынымен қызықтыра түсе, ұлдар мен қыздар болса «Күзгі вальс» биін билеп, ертеңгілігіміздің көркін келтірді. Сайысқа қатысқан бүлдіршіндердің өнерін, тапқырлығын, шапшаңдығын әділқазылар әділ бағалады. Сайысқа «Айгөлек» тобының бүлдіршіндерінен төрт жұп қатысып, олар өздеріне тапсырған бес шартты орындау бойынша сайысқа түсті: 1.Өзін таныстыру және сәлемдесу; 2.Өз өнері «Өнерлі - өрге жүзер» бұл бөлімде ән шырықпап, би-билеп өздерінің өнерлерін ортаға салу; 3.Сұрақ-жауап сайысы. бұл бөлімде балалар өздерінің шапшаңдығын және тіл байлықтарын көрсетті; 4.Ас мәзірі (үйге тапсырма). Балалар аналарымен бірге

дайындаған ас мәзірлерін таныстырып өтті; 5.Сән үлгісі.Бұл сән үлгінің ерекшелігі табиғи материалдан жасалған киім үлгілерін көрсету еді.

Тартысты өткен сайыстың қорытынды нәтижесі бойынша берілген шарттарды орындау және сәнді сән үлгісінің тартымдылығымен көзге ерекше түскен Тұрсынбай Азамат пен Қаржау Іңкәр «Күз Ханзадасы мен Күз Ханшайымы» номинациясына ие болса. «Талантты Ханзада мен Ханшайым» номинациясына Саттархан Али мен Ерланқызы Сәлима, «Өнерлі Ханзадамен Ханшайым» номинациясына Оразбай Айхан мен Зейнадин Сәзім, ал Манарбек Әмір мен Мәделі Аяна «Сымбатты Ханзада мен Ханшайым» номинациясына ие болды. Сайысымыз қызықты да, тартымды да тартысты өтіп, ата-аналарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бұндай сайыстардың жас бүлдіршіндерге беретін тәрбиелік мәні зор екенін айта кеткім келеді. Еліміздің болашағы -



жарқын парасатты ұл-қыздарды тәрбиелеп келеміз деген ойдамыз.

Ү.Т. Көшерова, КМҚК «Балбөбек» бөбекжайы ортаңғы «Айгөлек» тобының тәрбиешісі



Дәстүрлі дөңгелек үстөл

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТӘРБИЕШІ МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҮНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

2016 жылдың 11 қараша күні «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның әдіскері Токталған Біржанның ұйымдастыруымен мен «Мектепке дейінгі білім беру жағдайындағы тәрбиеші мен ата-аналардың ынтымақтастығы» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелді өткізудің мақсаты: Балабақша, ата-ана, тәрбиеші, болып бірігіп, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, ұрпақты тәрбиелеу. Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы жағымды өзара қарым-қатынасты және ата – аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты орнатудың кейбір әдістерін түсіндіріп, көрсетіп таныстыру. Дөңгелек үстел барысында балабақша тәрбиешілерінің тәжірибесінде ата-аналармен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары талқыланып, сараланды.

Сонымен қатар, дөңгелек үстел барысында тәрбиешілер мен ата – аналар екі топқа бөлініп,



оларға әр түрлі тапсырмалар берілді: тәрбиеші мен ата-ананың күшті жақтары мен әлсіз жақтары, олардың құқықтарын, міндеттерін білуі, төнетін қауіп – қатер жайында сұрақтар қойылып,

МӘНГІЛІК ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАНЫМ

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғанына 25 жыл толғалы отыр. Осы айтулы мерекеге орай ағымдағы жылдың 15 қарашасы күні «Балбөбек» бөбекжайында «Толағай» шығармашылық тобының ұйымдастыруымен тәрбиешілер арасында «Мәңгілік елім - Қазақстаным» атты эстафеталық жарыс өткізілді. Өткізілген эстафеталық жарыстың мақсаты: біздің ең басты бақытымыз – Еліміздің тәуелсіздігін нығайту. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда Қазақстан Республикасы көптеген жетістік-



терге жетті және еркіндік, бірлік, тұрақтылық, гүлдену сияқты негізгі құндылықтарды қалыптасты. Азаттық қазақ халқының ежелгі арманы еді. Азаттық үшін күресте талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ, ешқашанда мойымады, күресе білді. Тәуелсіздік деген қасиетті ұғымды терең түсіндіру және сол арқылы тәрбиеленуші жас ұрпақтың бойына сіңіру болатын. Сонымен қатар, тағы бір мақсатымыз, тәрбиешілерді салауатты өмір салтына бейімдеу және дене шынықтыру жаттығуларына қызығушылығын арттыру, эстетикалық және этикалық тәрбиеге үйрету. Шапшаң қимылдауды, жарыса жүгіруді, төзімділігін қимыл – күш қабілеттерін дамыту болды.

Эстафеталық жарысымыз Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Жарысқа екі «Желтоқсан» және «Тәуелсіздік» коман-

да қатысты.

Әр команд өз ұранын айтып, өздерін таныстырды. Ойын түрлері 5 кезеңнен құралды. Атап өтетін болсақ: қызықты эстафета, баскетбол добымен жарыс, секіртпемен секіру ойыны, теннис ракеткасы және арқан тарту. Қатысушыларымызға қазылар алқасы бағсын беріп отырды. Бұл жарыста ең көп ұпай санын жинаған «Тәуелсіздік» командасы 1-ші орынға ие болды, ал «Желтоқсан» командасы да осал болған жоқ дегенмен 2-ші орынды иеленді. Қатысушыларымыз мақтау қағаздарымен



марапатталды. Ойын қызықты да, тартысты болды деген ойдамыз...

Денсаулық кепілі – тазалық, ұқыптылық, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану. Олай болса, денсаулығымызды сақтап, салауатты өмір салтын ұстанайық.

С. Б. Мұратқызы, «Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі



пікір таластар жүргізілді.

«Балақай» бөбекжайының педагог-психологы Әбілда Арайлым Абдулғазизқызы ата-аналар мен тәрбиешілер арасында «Барлық әлем мен үшін!» атты тренинг өткізді, бұл тренинг ата – аналар мен тәрбиешілер арасында айқын байланысты орнатты. Түсініспеушілікті қалпына келтіріп, бір-біріне деген жанды сезімдерді байланыстырды.

Кездесуден алған әсерлері жайлы ата-аналар мен тәрбиешілер бір-біріне деген жылы лебіздері арқылы жеткізіп, қуаныш, табыс, бақыт, сүйіспеншілік және сыйластық тілектерін айтты.

Тренинг соңында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» атты баяндама оқылды, «Лтипат» жаттығуы жасалды. Дөңгелек үстел соңында ата-аналар мен тәрбиешілер Тілек ағашына өз тілектерін жазып ілді.

Қорыта келгенде қолайлы әдісті таба білу - шеберлік пен әдептіліктің көрінісі. Шеберлік өз алдына үйретумен, үйренумен, өз ісіне деген сүйіспеншілікпен, тәжірибемен және ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасы ынтымақтастық арқылы қалыптасады.

Токталған Біржан, «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның әдіскері



## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК  
ҚАЛАСЫНЫҢ

«КТҮҚҚБ» КМК қызметін тұтынушылар 2015 жылғы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 144 бабына сәйкес хабарлаймыз:

1. Электр және (немесе) жылу энергиясын заңсыз қосу, пайдалану - жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Су құбырлары желілерінен суды заңсыз қосу, пайдалану, сол сияқты кәріздік желілерге заңсыз қосылу – жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға – алпыс, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жоғарыда аталған ҚР Заңының талаптары бұзылған жағдайда «КТҮҚҚБ» КМК әкімшілік айыппұл өндіру туралы құзыретті органдарға өтінім жасау шараларын қолданады.

«КТҮҚҚБ» КМК қызметін тұтынушы, Приозерск қаласының аумағындағы дүкен-дерде су тазалау қондырғыларынан пайдаланушы тұлғаларға, Коммуналдық қызмет көрсету Ережесінің 35 тармағы, 2 тармақшасы бойынша, қызмет ұсынушының келісімінсіз және аталған қондырғының пайдалану қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық талаптарға сай екендігін анықтайтын құжаттарыңыз пайдалануға тыйым салынады!

«КТҮҚҚБ» КМК Әкімшілігі

ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЯ. ОТ  
ПРОИЗВОДИТЕЛЯ К ПОТРЕБИТЕЛЮ

Электрическая энергия производится на электростанциях и позволяет нам, потребителям, освещать свои жилища, пользоваться различными электроприборами – холодильниками, электроплитами, в школах – нашим детям работать с компьютерами и интерактивными досками, поддерживать жизнь больных от аппаратов искусственного жизнеобеспечения в поликлиниках, выпускать продукцию на заводах и фабриках. От электростанций (источников) по линиям электропередач электроэнергия приходит на подстанции, на которых электроэнергия высоких напряжений преобразуется до значений, на которые рассчитаны приборы потребителей.

Энергопередающие организации занимаются только передачей и распределением электроэнергии.

Энергоснабжающие организации осуществляют закупку по заявкам, направляемым на электростанции, формируют суточный график потребления и информируют о них системных операторов. В Республике Казахстан таковым является АО «КЕГСОС». Далее энергоснабжающие организации поставляют электроэнергию до своих потребителей (физическим и юридическим лицам). Каждый из нас может увидеть поблизости от своего дома линии электропередач (провода и опоры, на которых они закреплены), по которым мы получаем электроэнергию. Таким образом, электрические сети (линии электропередач, подстанции и др.) предназначены для передачи электроэнергии от источников к потребителям. По одной и той же электрической сети получать электроэнергию могут множество потребителей. При этом, энергоснабжающих организаций, предоставляющих клиенту возможность получить данную услугу, может быть несколько.



Подводя итоги, можно сказать, что именно электричество делает человека современным! А возможность выбора энергоснабжающей организации, стремящихся привлечь клиента наилучшими ценами, делает данный вид услуги конкурентной. Выбор за Вами!

Администрация ТОО «Казэнергоцентр»

К ВОПРОСУ О ДВОЙНОМ  
ГРАЖДАНСТВЕ

В соответствии со статьей 10 Конституции Республики Казахстан от 30.08.1995 года:

1. Гражданство Республики Казахстан приобретается и прекращается в соответствии с Законом, является единым и равным, независимо от оснований его приобретения.
2. Гражданин Республики ни при каких условиях не может быть лишен гражданства, права изменить свое гражданство, а также не может быть изгнан за пределы Казахстана.
3. За гражданином Республики не признается гражданство другого государства.

А также, на основании статьи 3 Закона Республики Казахстан «О гражданстве Республики Казахстан» от 20 декабря 1991 г. за гражданином Республики Казахстан не признается гражданство другого государства.

Лицо, состоящее в гражданстве Республики Казахстан, и принявшее гражданство иностранного государства, обязано сообщить в течение трех рабочих дней о факте приобретения иностранного гражданства и сдать паспорт и (или) удостоверение личности Республики Казахстан в органы внутренних дел или заграничные учреждения Министерства иностранных дел Республики Казахстан.

Вместе с тем, информируем о том, что за нарушение законодательства Республики Казахстан о гражданстве, предусмотрена административная ответственность по статье 496 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

ОМН ОБД г. Приозерск  
ДВД Карагандинской областиУВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ  
КОММУНАЛЬНЫХ УСЛУГ г. ПРИОЗЕРСК

КГП «УЖКР» сообщает, что согласно КОАП РК 2015 года, статьи 144:

1. Незаконное подключение, использование энергии или воды, незаконное подключение использование электрической и (или) тепловой энергии – влекут штраф на физических лиц в размере пятидесяти, на должностных лиц – в размере ста, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере ста пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере двухсот, на субъектов крупного предпринимательства – в размере пятисот месячных расчетных показателей.

2. Незаконное подключение, использование воды из водопроводных сетей, а равно незаконное подключение к канализационным сетям – влекут штраф на физических лиц в размере тридцати, на должностных лиц, – в размере шестидесяти, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации – в размере ста, на субъектов среднего предпринимательства – в размере ста пятидесяти, на субъектов крупного предпринимательства – в размере трехсот месячных расчетных показателей.

В случае нарушения вышеуказанных требований Закона РК, КГП «УЖКР» будет приняты меры по обращению в компетентные органы о взыскании административного штрафа.

К сведению потребителей коммунальных услуг г. Приозерск, использующих оборудования очистительной воды, установленных в магазинах на территории г. Приозерск уведомляем, что согласно пп.2 п. 35 Правил предоставления коммунальных услуг, без согласования Услугодателя и предоставления документов на данное оборудование, отвечающих требованиям безопасности эксплуатации и санитарно – гигиеническим нормативам устанавливать запрещено!

Администрация КГП «УЖКР»

ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ  
ТОО «КАЗЭНЕРГОЦЕНТР»  
Г. ПРИОЗЕРСК!

Целью ТОО «Казэнергоцентр» является обеспечение качественного и доступного энергоснабжения потребителей, и мы ответственно заявляем, что наша компания всерьез и надолго обосновалась на рынке электроснабжения г. Приозерск.

Повторно доводим до Вашего сведения, что тариф на электроэнергию для потребителей города Приозерск составляет:

- для физических лиц прочих лиц, без дифференциации по зонам суток и норме потребления:

15,68 (пятнадцать тенге, 68 тиын) за кВт\*час, с учетом НДС;

14,00 (четырнадцать тенге, 00 тиын) за кВт\*час, без учета НДС.

Дополнительно сообщаем, что ТОО «Казэнергоцентр» предоставляет льготы по электроснабжению следующим категориям граждан:

- участникам и инвалидам Великой Отечественной войны, воинам-интернационалистам участникам военных действий в Афганистане в размере 120 кВт\*час - ежемесячно с «01» января 2016 года.

- участникам ликвидации катастрофы на Чернобыльской АЭС, в размере 120 кВт\*час - ежемесячно, начиная с «01» сентября 2016 года.

\*Если потребление составляет менее 120 кВт\*час, льготы предоставляются в размере месячного потребления.

По вопросам заключения индивидуального договора на электроснабжение, просим обращаться по адресу: ТОО «Казэнергоцентр», г. Приозерск, ул. Балхашская 2/2, телефон 8 (71039)5 21 20.

Надеемся на долгосрочное взаимовыгодное сотрудничество.

Администрация ТОО «Казэнергоцентр»

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VI – шы шақырылымының кезектен тыс VII –ші сессиясы 2016 жылдың 28 қарашасында сағат 12.00-де өтеді.

Сессия күн тәртібінде:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 47/357 «2016-2018 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Қалалық мәслихаттың 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 47/365 «Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2016 жылға арналған қаржыландырудың жоспарын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу.

3. Қарағанды облысы Приозерск қаласының көшелерін қайта атау бойынша ұсыныстарды Республикалық ономастикалық комиссия қарауына енгізу туралы.

Сессия төрағасы

П.Жұмаханова

\*\*\*

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внеочередная VII – ая сессия городского маслихата VI- го созыва проводится 28 ноября 2016 года в 12.00 часов.

В повестке дня:

1. О внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 22 декабря 2015 года № 47/357 «О городском бюджете на 2016-2018 годы» .

2. О внесении изменений в решение городского маслихата от 22 декабря 2015 года № 47/365 «Об утверждении плана финансирования ГУ Аппарат Приозерского городского маслихата» на 2016 год.

3. О внесении на рассмотрение Республиканской ономастической комиссии предложений по переименованию улиц города Приозерск Карагандинской области.

Председатель сессии

П.Жумаханова

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 47/483. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2,8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041